

ЕРКІН СӨЙЛЕУ ҚАТЫНАСЫНДА ЖӘНЕ АРНАУЛЫ САБАҚТАРДА
БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Адилбаева Г.Е.

*Шыршық мемлекеттік педагогика университеті
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

Аңдатпа. Мақалада баланың ана тілі сөздерін үйрену процесі осы сөздерге сай келетін заттарды «зерттеумен» қатар жүреді: бала заттарды қарап шұқып, ұстап және сипап көреді, оларды шертіп, қандай дыбыс шығатынын тыңдап, дәмімен иісін байқайуы жайында шолу жасалған.

Abstract. The article provides an overview of the life and work of the great educator, common to the Turkic peoples, the great poet, thinker, statesman Alisher Navaiya in general education schools.

Кілт сөздер: бала, ана тілі, сөздік қор, сабақ, сөз.

Key words: Alisher Navai, school, lesson, life, creativity.

Баланың ана тілі сөздерін үйрену процесі осы сөздерге сай келетін заттарды «зерттеумен» қатар жүреді: бала заттарды қарап шұқып, ұстап және сипап көреді, оларды шертіп, қандай дыбыс шығатынын тыңдап, дәмімен иісін байқайды. Баланың назары ауған зат оның санасына барлық бас сезім органдары көру, есту, иіс сезу, сипап сезу органдары – арқылы енеді. Дүниені сезім арқылы танып білу баланың эмоционалдық сезімдерін дамытады: ол «тамаша»-«жексұрын» сияқты тіптен қарама –қарсы сезімдерді ғана емес, сондай-ақ аралық сезімдердің де бүкіл гаммасын сезінуге қабілетті болы шығады. Затты сөздің жәрдемімен сезімдік қабылдау баланың жадында осы зат жөніндегі түсінік ретінде берік орныққан соң оны атайтын сөз баланың жадында ең алдымен, ол осы зат пен сезім арқылы жанасқан кезде бастан кешірген сезімдердің бәрін қоздырады.

Мысалы, бала шырша деген сөзді естігенде, бірден оның бастан өткізген түйсіктері мен сезімдері жандана түседі: ол қиялында нақты шыршаны, оның жасыл қылқандары мен пирамида пішінді орналасқан бұтақтарын көреді, ол шыршаның шайыр иісін нақты түйсінгендей болады, шыршаның қылқандарын осылайша «көруден» бала ол қолына «кіріп кетпеу үшін» өзінің саусақтарын еріксіз тартып алады; сәбидің бар сезімі шаттыққа, өзінің өмірінде алғаш рет безендірілген Жаңа жылдық шыршаны немесе жазғы ормандағы шыршаны көруден алан қуанышын еске түсіру сәтіне бөленеді.

Сөзді осылайша қабылдау поэтикалық қабылдау деп аталады.

Егер тәрбиешілер баланың санасына жас кезінен бастап ана тілі сөздерін оның бар поэтикалық мәнерімен сіңіре білген болса, онда балада адамның өзі ойлап тұруына ған қажетті емес, сондай-ақ ақындардың творчествосын түсінуге қажетті

поэтикалық қабілет дамиды. К.Маркс былай деген болатын: «Егер өнерден ләззат алғың келсе, онда сен көркем өнерден хабардар болуға тиістісің».

Сөздің «сезімдік негізін» меңгерген соң бала оның жалпылауыш маңызын түсінуге қабілетті болады. Міне, сондықтан да бөбектер мен мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын байыту оларды айналадағы заттармен, тұрмыспен, табиғатпен, адамдардың еңбегімен, олардың қоғамдық өмірімен таныстыру процесінде ұйымдастырылуы тиіс. Сонымен бірге тәрбиеші баламен жүйелі, грамматикалық қалыптасқан, қисынды сөздермен сөйлесуге тиіс. Демек, ересек адамдардың айтуынан естіген жекелеген сөздерді баланың өзі болып алады.

Арнаулы сабақтарда балалардың сөздік қорын байыту әдістері мен тәсілдері.

Фонетикалық жаттығулар сияқты лексикалық жаттығулар да тұтасымен осы тақырыпқа арналған арнаулы сабақтарда сирек жүргізіледі; мұндай жаттығулар байланыстыра сөйлеуді дамыту және көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарына енгізіледі.

Мысалы, байланыстыра сөйлеуді дамытудың белгілі бір сабағы 20 минутқа есептелген болса, оның 2 минуттан 10 минутқа дейінгі мөлшерін арнайы лексикалық жаттығуларға пайдалануға болады; жазушының лексикасын түсіндіру керек болған жағдайда лексикалық жаттығулар көркем әдебиетпен таныстыру сабақтарына енгізіледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Л.П. Федеренко, Г.А.Фомичева, В.К. Лотарев, Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. А., «Мектеп», 1981, 244 бет
2. Мұқанов М. Ақыл -ой өрісі. Алматы, «Қазақстан» баспасы. 1980 жыл
3. Баймұратова Б «Мектеп жасына дейінгі балаларды сөйлеуге үйрету» Алматы, «Мектеп» 1981 ж
4. Баймұратова Б «Тіл дамыту әдістемесінің методикасы» Алматы,-2007ж
5. Әуелбаев Ш. «Бастауыш класта қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы «Мектеп». 1987ж.
6. Қ.Молдабек, Қ Сандыбай, Ы. Балқыбекова «Бастауыш мектепте тіл дамыту» Шымкент. 1999ж
7. Бакраденова А, «Мектеп жасына дейінгі балалардың қазақша сөйлеуі және тіл дамуы» Алматы 1993ж.
8. Адамбаева Ж, «Бастауыш сыныптардағы тіл дамыту» Алматы, 2000ж
9. Баймұратова Б. «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу программасы». Алматы, «Мектеп» 1989ж
10. Сабулатова С «Балалардың сөздік қорын, тіл байлықтарын дамыту», «Отбасы және балабақша» №6-06ж-8б.

11. //Отбасы және балабақша// №1-2003. 13-146

12. Адамбаева Ж. «Орыс мектебінің бастауыш сыныптарында тіл дамыту»

Алматы, 2000.